



ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Дайындаған: Ибраев Диас

I. ЗЕРТТЕУ МАҚСАТЫ

- Ертегілердің бала тәрбиесіндегі рөлін ашып көрсету;
- Қазақ ертегілерінің өміршендігін дәлелдеу;
- Ертегі жанрын тәрбие үрдісінде қолданып жандандыру;
- Ертегілерді насихаттау жолдарын көрсету

II. ЗЕРТТЕУ БОЛЖАМЫ

- Ертегілердің маңызын зерттеу;
- Ертегілерді күнделікті өмірде қолдануға үйрету;

Ерте ерте ертеде...

III. ЗЕРТТЕУ КЕЗЕҢДЕРІ

- Тақырыптың мәнін ашу;
- Материал жинау;
- Зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- Ғылыми жетекшімен кеңесу;
- Қажетті материалдарды жинақтап жалпылау.

Ерте ерте ертеде...

IV. ЗЕРТТЕУ ЖАҢАЛЫҒЫ

- Ертегіні күнделікті қолданудың жаңа түрлері;
- Аудиодискілер шығару, күнделікті қолданатын қағаз, полиэтилен пакеттер сыртына ертегі кейіпкерлерінің суреттерін шығару;
- Ойынға киетін бас киім, футболкаларға қазақ ертегілері кейіпкерлерінің атын жазып, суретін салу;
- Күнделік, дәптер, қойын дәптер мұхабасына шығару;
- Шоколад орама, қораптарындағы суреттер;
- Ұялы телефон қаптама беттеріне қазақ ертегілерінің суреттерін шығару;
- Қазақ ертегілерін дәріптеп, жарнамалау, насихаттауды мемлекеттік деңгейде қолға алуды ұсыну

Ерте ерте ертеде...

IV. ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ

- Зерттеу жаңалығын дәптер, күнделік басып шығаруда қолдану;
- Кіші кәсіпорындарда пакет шығару үшін қолдану;
- Бала-бақшаларға және үйде балалар ұйықтар алдында тыңдау үшін аудиодисктерін шығару;
- Қазақ ертегілерін күнделікті бала тәрбиесінде қолдану міндетті, заңды болса, жоғарыда аталған мәселелер мемлекеттік деңгейде шешіледі.

Ерте ерте ертеде...

**Ұлттық салт-
дәстүр, әдет-
ғұрып туралы
түсінік береді**

**Балалардың психо-
эмоционалдық,
агрессиялық
деңгейін
төмендетеді**

Ертегі

**Баланың талантын
ашуға, дамытуға,
көне сөздердің
жандануына
мүмкіндік береді**

**Адамгершілікке,
әділдікке, отан-
сүйгіштік,
достыққа,
әдептілікке,
бірлікке, ерлікке
үйретеді**

Ертегінің негізгі түрлері:

- Қиял-ғажайып ертегілері – *табиғат сырын білуге деген қызығушылықтан туған*
- Хайуанаттар жайлы – *адам бойындағы келеңсіз қасиеттерді көрсету мақсатында туған*
- Шыншыл ертегілер – *еңбек ету, адалдық, әділдікке дәріптейтін қарапайым ертегілер. Кейіпкерлері – адамдар.*

Бұлардын ішінде:

- Хикая ертегілер
- Өсиет ертегілер
- Мысқыл ертегілер
- Батырлық туралы ертегілер

“ҚАҢБАҚ ШАЛ”



Ұшарын жел, қонарын сай білетін басты кейіпкер атына заты сай келмейтін қазақ ертегісінің батыры - Қаңбақ шал нағыз күш ақылда екенін дәйектейді. Айлакер түлкі мен үлкен дәулерді даналығымен жеңіп шығады.

“Бай баласы мен жарлы баласы”

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты қызықты ертегі арқылы еңбек адамның кез келген қиыншылықты жеңуге үйрететінін және өмірлік тәжірибесі арқылы жеңіске жететінін көреміз және «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалды дәлелдей түседі.



“МАҚТА ҚЫЗ БЕН МЫСЫҚ”



Бұл ертегіде Мақта қыздың досы мысық Мақта қыздың тілін алмай қатығын төгеді де, оны қайтарып беру үшін көптеген жандарға жолығып, көп қиыншылық көріп барып, қатықты төлей алады. Бұл жерде адамды әрбір іс-қимылына жауап беруге, үйренуге қателік тәрбиелейді.

“ШЫҚ БЕРМЕС ШЫҒАЙБАЙ”

*Кеңпейілдік
жарасады адамға
Жақсылықтың
нышаны зой
қашанда
Бір- біріңе көмек
беріп сыйласаң
Жоғарыда болар
сенің сыбағаң –
деген ой түйеміз*



Қазіргі телеэкрандағы мультфильмдер жинағы



Қазақ ертегілерінің көрсетілімдегі үлесі



Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Ендеше, ақпараттық технологиялар дамыған кезеңдегі балалардың ой-қиялдарын өз ертегілері арқылы жеткізу мүмкіндігі бар:

- Күнделікті пайдаланылатын заттар арқылы;
- Қазақ ертегілер кейіпкерлерінен ойыншық жасап, драма театрларда, бала-бақша, мектептерде көрсетілсе (қуыршақ театры);
- Қазақ ертегілерінің мазмұны көлеңке театры (теневой театр) арқылы көрсетілсе;
- Аудиодискілерге жазылып, бала-бақшаларға таратылса. Үйде ұйықтар алдында балалар тыңдаса;
- Менің ұсынысым – қазақ ертегілерін дәріптеп, жарнамалау, насихаттау туралы бұйрық шығару арқылы ұрпақ тәрбиесін мемлекеттік деңгейде қолға алу

